

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217-VI ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат;

№ 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 15, 55-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат):

1) 59-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "тәуелсіз сарапшы" деген сөздер "бағалаушы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 82-бапта:

бірінші сөйлемдегі "серіктестіктің қатысушымен келісімінде белгіленген бағамен" деген сөздер "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем алып тасталсын;

3) 291-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер борышкер мен кредитор арасындағы нотариат куәландырған шартта міндеттемені орындау тәсілі ретінде нотариус депозитіне ақша орналастыру көзделген болса, борышкер міндеттемелерін орындау үшін өзінен алынатын ақшаны депозит шарттарында нотариустың атына орналастыруға да құқылы.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Борышкердің ақшаны және бағалы қағаздарды нотариустың атына орналастыру, оларды кредиторға беру шарттары, сондай-ақ депозит пен сақтаудың басқа да шарттары Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасында белгіленеді.";

4) 328-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы "кепілге алу арқылы" деген сөздерден кейін "бір жылдан аспайтын мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт кепіл затының өткізілуіне байланысты тоқтатылады."

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2 -3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4 -5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат ; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-

құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 740-баптың 1-тармағының бірінші және төртінші бөліктеріндегі "сот санкциялаған" деген сөздер "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1051-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Құпия өсиет жасаған адамның қайтыс болуы туралы куәлік ұсынылған кезде нотариус қайтыс болу туралы куәлік ұсынылған күннен бастап он күннен кешіктірмей өсиеті бар конвертті кемінде екі куәнің және заң бойынша мұрагерлер арасынан оған қатысуға ниет білдірген мүдделі адамдардың қатысуымен ашады. Конвертті ашқаннан кейін нотариус ондағы өсиеттің мәтінін бірден жариялайды, одан кейін нотариус өсиеті бар конверттің ашылғанын куәландыратын және өсиеттің толық мәтінін қамтитын хаттама жасайды және куәлармен бірге оған қол қояды. Өсиеттің төлнұсқасы нотариуста сақталады. Мұрагерлерге хаттаманың нотариат куәландырған көшірмесі беріледі.";

3) 1068-баптың 2-тармағындағы "Заң бойынша осы Кодекстің 1062, 1063, 1064-баптарында көрсетілген мұрагерлер тобына кірмейтін, бірақ мұраның ашылу күніне дейін еңбекке жарамсыз болып табылған және мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған" деген сөздер "Осы Кодекстің 1061, 1062, 1063, 1064-баптарында аталған мұрагерлер тобына кірмейтін, бірақ мұраның ашылу күніне еңбекке жарамсыз болып табылған және мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған заң бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 1073-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мұраға құқық туралы куәлікті беру бойға біткен, бірақ әлі туылмаған мұрагер болған кезде ол туылғанға дейін тоқтатыла тұрады."

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; № 21-I, 124, 126-құжаттар; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 10, 79-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 4, 7-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат):

1) мазмұнында 88-баптың тақырыбындағы "алып қою" деген сөздер "мәжбүрлеп иеліктен шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 5-тармағының үшінші бөлігіндегі "алып қойылған" деген сөздер "мәжбүрлеп иеліктен шығарылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-баптың 1-тармағының 5-2) тармақшасындағы "сатып алу" деген сөздер "иеліктен шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 84-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін айрықша жағдайларда, меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен мүліктің тең құны өтелген кезде не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Айрықша жағдайлар деп мемлекет мұқтажын қанағаттандырудың өзге тәсілінің болмауы түсініледі.";

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер учаскелері айрықша жағдайларда мәжбүрлеп иеліктен шығарылған кезде:";

5) тармақшадағы "ерекше жағдайлар" деген сөздер "мемлекет мұқтажы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы (мемлекеттен сатып алынған немесе сатып алынбаған жер пайдалану құқығымен) жер учаскесіне қатысты жүзеге асырылады.

Жер пайдалануға берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару, егер жер пайдаланушы берілген құқықты мемлекеттен сатып алған болса, жер пайдалану құқығын сатып алғаны үшін төлемақы құны жер пайдаланушыға өтеле отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ оның қалауы бойынша осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жер учаскесі берілуі мүмкін.

Егер жер пайдаланушы берілген құқықты мемлекеттен сатып алмаған болса, оған осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орнына басқа жер учаскесі берілуі мүмкін.

Бұл ретте жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған кезде жер пайдаланушыға шығынды өтеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен толық көлемде жүзеге асырылады.";

6-тармақтың екінші бөлігі "тиісінше" деген сөздің алдынан "атқарушы органдардың интернет-ресурстарын қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 85-баптың 3-тармағындағы "сатып алу" деген сөздер "иеліктен шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 88-бапта:

тақырыптағы "алып қою" деген сөздер "мәжбүрлеп иеліктен шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "алып қойылатын жер учаскесінің құны немесе басқа шарттар туралы" деген сөздер "жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт талаптары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 94-баптың 2-1-тармағындағы "алып қойылуына байланысты" деген сөздер алып тасталсын.

4. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 6, 28-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-II, 145-

құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат):

1) 66-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Балаларды күтіп-бағуға арналған алименттерді нысаналы пайдалану және оларға өндіріп алуды қолдану мүмкіндігін болғызбау үшін алименттерді алушының немесе оның өкілінің талабы бойынша Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген тәртіппен алименттерді есепке жатқызу үшін банктік шот ашылады.";

2) 273-баптың бірінші бөлігіндегі "жақын туыстарына" деген сөздерден кейін ", басқа адамдарға" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 13-I, 13-II, 83-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 21-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46-құжат; № 16, 56-құжат):

1) мазмұнында:

235-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"235-бап. Ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау";

236-баптың тақырыбындағы ", өсімпұлдарды, пайыздарды" деген сөздер алып тасталсын;

393-баптың тақырыбы алып тасталсын;

2) 3-бапта:

3) тармақтағы "245-бапта – елу мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы" деген сөздер "245-бапта – жетпіс бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) тармақта:

"235-бапта – ұлттық валютада және шетел валютасында қайтарылмаған қаражаттың он бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы" деген сөздер "235-бапта – қырық бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, ұлттық валютада және (немесе) шетел валютасында қайтарылмаған қаражат сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"244, 245-баптарда – бюджетке түспеген төлемдердің жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы" деген сөздер "244-бапта – жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы; 245-бапта – елу мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың үшінші бөлігіндегі "болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке", "қамаққа алу" деген сөздер тиісінше "жеке адамға , ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не", "қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 40-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "алу қолданылуы мүмкін." деген сөздер "алу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін.";

5) 48-баптың екінші бөлігінің 5) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) осы бөліктің 1), 2), 3) және 4) тармақтарында көрсетілген, сотталған адам басқа тұлғалардың меншігіне берген ақша және өзге де мүлік жатады.";

6) 51-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу – қосымша жаза түрі ретінде, ал қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін негізгі де, қосымша да жаза түрі ретінде тағайындалуы мүмкін.

Сот осы жаза түрін қосымша жаза ретінде тағайындаған кезде бұл негізгі жаза түрі өтелгеннен кейін немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 161-бабы бірінші бөлігінің 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша оны одан әрі өтеуден босатылғаннан кейін, ал шартты түрде соттау қолданылған жағдайларда үкім заң күшіне енген кезден бастап орындалады.";

7) 63-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Пробациялық бақылау сот қосымша жаза түрі ретінде Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді тағайындаған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам шартты түрде сотталған кезде белгіленбейді.";

8) 72-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Пробациялық бақылау сот қосымша жаза түрі ретінде Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді тағайындаған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған кезде белгіленбейді.";

9) 188-бапта:

екінші бөліктің 2) тармағы алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мынадай:

1) ірі мөлшерде;

2) бірнеше рет жасалған ұрлық –

мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

10) 189-бапта:

екінші бөліктің 2) тармағы алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы 3) тармақпен толықтырылсын:

"3) бірнеше рет жасалса –";

11) 190-бапта:

екінші бөліктің 2) тармағы алып тасталсын;

үшінші бөліктің 3) тармағындағы "қатысты жасалған алаяқтық –" деген сөздер "қатысты;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақпен толықтырылсын:

"4) бірнеше рет жасалған алаяқтық –";

12) 234-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "немесе анық емес" деген сөздер "немесе көрінеу анық емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 235-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"235-бап. Ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамның немесе дара кәсіпкердің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес міндетті есепке жатқызылуға тиіс, ұлттық валютадағы және (немесе) шетел валютасындағы ірі мөлшердегі қаражатты шетелден банктегі шотқа қайтармауы арқылы ұлттық валютаны және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау –";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы бапта көзделген іс-әрекетті алғаш рет жасаған адам Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес міндетті есепке жатқызылуға тиіс

қаражатты банктегі шотқа қайтарған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады
";

14) 236-бапта:

тақырыптағы ", өсімпұлдарды, пайыздарды" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы ", өсімпұлдарды, пайыздарды" деген сөздер алып тасталсын;

15) 241-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы бапта көзделген іс-әрекетті алғаш рет жасаған адам залалды өз еркімен өтеген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады.";

16) 243-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы бапта көзделген іс-әрекетті алғаш рет жасаған адам залалды өз еркімен өтеген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылады.";

17) 244-баптың ескертуіндегі "алғаш рет" деген сөздер алып тасталсын;

18) 245-баптың ескертуіндегі "алғаш рет" деген сөздер алып тасталсын;

19) 393-бап алып тасталсын;

20) 467-баптың 1-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Осы Кодекстің 45-бабының ережелері әскери қызметшілерге қатысты және осы Кодекстің 41-бабы алтыншы бөлігінің 1) тармағында, 42-бабы бесінші бөлігінің 1)

тармағында және 43-бабы 2-1-бөлігінің 1) тармағында көзделген жағдайларда – 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал қосымша жаза түрі ретінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу тағайындалған адамдарға қатысты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады деп белгілей отырып, оның қолданысы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын."

6. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 10, 32-құжат; № 16, 53, 56-құжаттар):

1) 120-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Құжаттар іске қосып тігіледі және оны сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде сонда сақталады. Алып қойылған және іске қосып тігілген құжаттар ағымдағы есепке алу, есептілік үшін және заңды иесінің өтінішхаты бойынша өзге де құқыққа сыйымды мақсаттарда талап етілген жағдайда, олар оған қайтарылуы немесе уақытша пайдалануға, оның ішінде электрондық жеткізгіштерден берілуі, егер бұл іс үшін залалсыз болатын болса, не олардың көшірмелері, қажет болған кезде нотариус куәландырған көшірмелері беріп жіберілуі мүмкін.

Берілетін құжаттардың көшірмесін жасауға, нотариустың олардың көшірмелерінің дұрыстығын куәландыруға байланысты шығыстар өтінішхат бастамашысының есебінен жүзеге асырылады.

Қылмыстық іс үшін маңызы жоқ құжаттар заңды иесіне қайтарылады.";

2) 187-баптың 4-1-бөлігінің екінші абзацындағы "(екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) тармағында, төртінші бөлігінде), 190 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1)

және 3) тармақтарында, төртінші бөлігінде)" деген сөздер "(екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) және 3) тармақтарында, төртінші бөлігінде), 190 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақтарында, төртінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 191-баптың он алтыншы бөлігіндегі "393," деген цифрлар алып тасталсын;

4) 299-баптың үшінші бөлігінде:

3) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес ықтимал тәркіленуге жататын мүлік туралы мәліметтер;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақпен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес мүліктің ықтимал тәркіленуге жататындығын растайтын дәлелдемелердің тізбесі;"

5) 301-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "1." деген цифр алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақпен толықтырылсын:

"8-1) күдіктінің, айыпталушының мүлкі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабында көзделген жағдайларда ықтимал тәркілеу үшін негіз болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысты-байланысты емес екенін және осы мүліктің тәркілеу нысанасына жататындығына дәлелдемелердің ұсынылғанын-ұсынылмағанын;"

6) 390-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7-1) тармақпен толықтырылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес мүліктің тәркіленуге жататындығы дәлелденгенін-дәлелденбегенін;"

7) 397-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот мүлікті тәркілеуді тағайындаған кезде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабында көзделген, нақты мүлікті тәркілеу нысанасына жатқызған негіздерді және осы мүлікке қатысты осындай түйіндерге негіз болған дәлелдемелерді көрсетуге тиіс."

8) 398-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Сот мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны тағайындаған кезде үкімде қай мүліктің тәркіленуге жататынын көрсетеді және (немесе) тәркіленуге жататын нысаналарды санамалайды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда сот тәркіленуге жататын ақша сомасын көрсетеді."

9) 476-баптың 21) тармағындағы "туралы мәселелерді қарау жатады." деген сөздер " туралы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 22) тармақпен толықтырылсын:

"22) мүлікті тыйым салудан босату туралы мәселелерді қарау жатады.";

10) 478-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Сот осы Кодекстің 476-бабының 22) тармағында көрсетілген мәселені сот үкімімен тәркіленген мүлікті қабылдаған уәкілетті мемлекеттік органның және өзге де мүдделі тұлғалардың өтінішхаты бойынша қарайды."

7. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 56-құжат):

1) 67-баптың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сотқа дейінгі іс жүргізу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының бірінші бөлігі, 68-бабының бірінші және үшінші бөліктері, 78-бабының екінші және төртінші бөліктері негізінде тоқтатылған жағдайда, сотталған адамның қылмыстық құқық бұзушылық, оның ішінде қайталап қылмыс жасауы;"

2) 79-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот орындаушысы өзіне атқарушылық құжат келіп түскеннен кейін үш тәуліктен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл жөнінде қаулы шығарады, атқарушылық құжатта көрсетілген мүліктің бар-жоғын тексереді және тәркіленуге жататын мүліктің тізімдемесін жасайды."

3) 80-баптың бірінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сотталған адамның тәркіленген мүлкін уәкілетті мемлекеттік органға беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған қойылатын барлық талаптар қанағаттандырылғаннан кейін, оның ішінде тәркіленген мүлік есебінен жүргізіледі."

8. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат) :

1) 52-баптың екінші бөлігіндегі "құқық бұзған адамды осы Кодекстің 64-бабында" деген сөздер "құқық бұзушылық жасаған адамды осы Кодекстің 64, 64-1-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 158-баптың екінші абзацындағы "онымен" деген сөз "оларға" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 275-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "бір жүз елу" деген сөздер "екі жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "екі жүз" деген сөздер "үш жүз" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 278-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "он бес", "отыз", "елу" деген сөздер тиісінше "жиырма", "елу", "сексен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 280-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – шот-фактураға енгізілген қосылған құн салығы сомасының – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз пайызы мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

6) 321-баптың екінші абзацындағы "әкеп соғады" деген сөздер "алып келеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 506-баптың бірінші абзацы "объектіге" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жеке күзет ұйымы күзететін қауіпті өндірістік объектіге" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 742-баптағы "Қылмыстық заңнамада" деген сөздер "Осы Кодекстің 64-1-бабында көзделген жағдайда, сондай-ақ қылмыстық заңнамада" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 810-баптың бірінші бөлігіндегі "жеке тұлға" деген сөздер "адам" деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат):

65-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген сараптама қорытындысын алу жөніндегі талап орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына қолданылмайды."

10. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53-құжат):

1) 109-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "жауапсыз қалдыруы" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ заңда белгіленген дауды реттеудің соттан тыс тәртібін бұзуы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 115-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы "байланысты" деген сөзден кейін ", оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу сатысында" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші сөйлеміндегі "іс жүргізуге байланысты жұмсаған сот шығындарын жауапкерге" деген сөздер "жауапкерге іс жүргізуге байланысты, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу сатысында оның жұмсаған сот шығындарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 134-баптың бірінші бөлігіндегі "өндіріп алушының ақшаны өндіріп алу немесе борышкерді және өндіріп алушыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сот талқылауынсыз, даусыз талаптар бойынша борышкерден жылжымалы мүлікті талап ету туралы арызы бойынша судья" деген сөздер "судья борышкерді және өндіріп алушыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін

шақырмай-ақ және сот талқылауынсыз, даусыз талаптар бойынша борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе жылжымалы мүлікті талап ету туралы өндіріп алушының арызы бойынша, сондай-ақ заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған келісімдерді орындау туралы өндіріп алушының арызы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 135-бапта:

1), 2), 3), 5), 6), 8), 9), 10), 11) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын :

"1) жеке тұлғалардан кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары бойынша берешекті, өсімпұлдарды, пайыздарды өндіріп алу туралы;

2) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы аударымдарын аудару туралы;

3) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;"

"5) "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен нотариус куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

6) "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тараптардың тапсырма шарты бойынша адвокаттың немесе партисипативтік рәсім тәртібімен адвокаттар мен тараптардың қатысуымен жасалған дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;"

"8) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған кәсіпкерлік, инвестициялық қызметке байланысты даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

9) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған сақтандыру даулары және банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

10) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

11) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;"

"17) жалдау төлемдерінің жалдау шартында белгіленген, мемлекеттік орган мәлімдеген мерзімдерде төленбеуіне байланысты оларды өндіріп алу туралы;"

18) тармақшадағы "туралы талаптар бойынша шығарылады." деген сөздер "туралы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19), 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

"19) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған неке-отбасылық қатынастар саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

20) бұқаралық ақпарат құралында азаматтың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне және заңды тұлғаның іскерлік беделіне кір келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

21) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда дауларды сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған өзге де келісімдерді орындау туралы талаптар бойынша шығарылады.";

5) 145-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "талап қою арыздары бойынша;" деген сөздер "талап қою арыздары бойынша істер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарауға жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

6) 152-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "реттеудің" деген сөз "немесе соттан тыс реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 252-бапта:

бірінші бөліктің бірінші сөйлемі "соттың" деген сөзден кейін "не прокурордың" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші сөйлемі "Соттың", "сотқа" деген сөздерден кейін тиісінше "не прокурордың", "не прокурорға" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот орындаушысының қаулысын сот не прокурор материалдар санкциялауға келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.";

төртінші бөлікте:

бірінші абзацтағы "атқарушылық әрекеттерді жасауға санкция береді немесе" деген сөздер "немесе прокурор атқарушылық әрекеттерді жасауға санкция береді не" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Санкция беру сот орындаушысының қаулысына судьяның не прокурордың қолтаңбасымен расталатын "Санкциялаймын" деген сот, прокурор мәртебанын басу арқылы жүзеге асырылады. Санкция беруден бас тартқан жағдайда, атқарушылық әрекеттерді жүргізуге санкция беруден бас тарту туралы – судья ұйғарым, ал прокурор қаулы шығарады.

Сот орындаушысының электрондық құжат нысанында ұсынылған қаулысына санкция беруді сот немесе прокурор судьяның не прокурордың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландыру арқылы жүзеге асырады. Санкция беруден бас тартқан жағдайда, электрондық құжат нысанында судья – санкция беруден бас тарту туралы уәжді ұйғарым, ал прокурор қаулы шығарады.";

бесінші бөлікте:

бірінші абзац "сот" деген сөзден кейін "не прокурор" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Прокурордың қаулысына заңда белгіленген тәртіппен жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым жасалуы мүмкін.";

8) 255-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының заңдары бойынша" деген сөздер "шешім шығарылған елдің заңы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац алып тасталсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"төрелік құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмегенінің немесе мұндай болмаған кезде төрелік талқылау өткізілген елдің заңдарына сәйкес келмегенінің";

9) 465-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Сот тараптардың бірінің өтініші бойынша төрелік талқылауды қайта бастау не төрелік шешімнің күшін жою үшін негіздерді жоюға мүмкіндік беретін өзге де шараларды қолдану үшін төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат бойынша іс жүргізуді белгіленген мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Егер төрешілер жаңа шешім шығарса, тарап сот белгілеген мерзім ішінде талап қою арызын ұсынбай, қайта басталған төрелік талқылауға немесе бастапқы шешімдегі өзгерістерге қатысты бөлігінде шешімнің күшін жою туралы өтінішхат беруге құқылы.

".

11. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 24-баптың бірінші бөлігі 15) тармақшасының бірінші абзацындағы "алуға арналған банктік шоттарды," деген сөздер ", мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) алуға арналған банктік шоттарды, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 117-баптың 2-тармағында:

2) тармақша "салықты және" деген сөздердің алдынан "егер осы тармақтың 2-1) тармақшасында өзгеше белгіленбесе," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап, бюджетке төлеген күнді қоса алғанда, есепті салықтық кезең үшін төмендегі салық түрлері бойынша қосымша декларацияны есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұсынған жағдайда туындаған, осы Кодекстің 302-бабына сәйкес есептелетін корпоративтік табыс салығын және осы Кодекстің 366-бабына сәйкес айқындалған салық салынатын кірістен есептелетін жеке табыс салығын төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындаудың мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мерзімі өткен әрбір күнге белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 0,65 еселенген мөлшерінде;"

3) 554-баптың 4-тармағының 1.42 және 1.43-жолдары алып тасталсын;

4) 611-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті нотариаттық куәландыру көзделген келісулерді куәландырғаны үшін – 0,5 АЕК;"

12. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 14-құжат; №

13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-II, 148-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 6, 11-құжат; № 9, 21-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат):

61-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарты, құпия ақпарат алмасуды көздейтін шарт негізінде және соларға сәйкес Қазақстанның Ұлттық Банкі басқа мемлекеттердің орталық банктерімен, бақылау және қадағалау органдарымен, халықаралық және өзге де ұйымдармен ынтымақтастық жасайды және құпиялылықты сақтай отырып, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны, банктік құпияны, сақтандыру құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажет ақпаратпен алмасуға құқылы.

Осы тармақта өзге де ұйымдар деп банктік сектор қызметін, бағалы қағаздар нарығын және сақтандыру нарығын реттеудің бірыңғай стандарттарын әзірлеу мақсатында құрылған басқа мемлекеттердің орталық банктерінің, бақылау және қадағалау органдарының бірлестіктері түсініледі."

13. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I

, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат):

11-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның күші, жаңа құрылтайшылары (қатысушылары) және (немесе) үлесті иеліктен шығаратын адамдары атқарушылық құжат бойынша борышкер болып табылатын шаруашылық серіктестіктеріндегі құрылтайшылар (қатысушылар) құрамының өзгеруі негіздерін қоспағанда, заңды тұлғаларды қайта тіркеу жағдайларына қолданылмайды;" .

14. "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 14, 84-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

6-баптың 4-тармағындағы "тәуелсіз сарапшы" деген сөздер "бағалаушы" деген сөзбен ауыстырылсын.

15. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж.

., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат):

1) 34-1-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес және жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген ипотекалық қарыз шарты бойынша банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күні өткеннен кейін есепке жазылған сыйақыны төлеуді талап етуге құқылы емес.";

2) 36-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түрінде қарыз алушы алатын ақшаны, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны), сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түрінде тұрғын үй құрылысы жинақ банкілеріндегі банктік шоттардағы ақшаны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаны, нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаны және "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны қоспағанда, қарыз алушының кез келген банктік шоттарындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен, оның ішінде төлем талабын қою арқылы өндіріп алуды қолдануға (егер мұндай өндіріп алу банктік қарыз шартында ескертілген болса) құқылы;"

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен аз болмауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) мүлкі қарыз алушының – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша міндеттемесін қамтамасыз ететін кепіл берушінің "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен берілген жылжымайтын мүлікті дербес

өткізу туралы өтінішхатын қанағаттандырған жағдайда, қарыз алушыға және кепіл берушіге қатысты осы баптың 2 және 2-1-тармақтарында көзделген шараларды тоқтата тұрады.";

3) 39-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жеке тұлғалармен жасалатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес банктік қарыз шарттары бойынша банктік қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты банктік шотты жүргізгені үшін, сондай-ақ банктік шотқа қарызды есепке жатқызғаны үшін комиссия белгілеуге және алуға құқылы емес.";

4) 50-бапта:

6-тармақтың д-1) және д-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"д-1) мемлекеттік сот орындаушыларына: өздерінің іс жүргізуіндегі атқарушылық іс жүргізу істері бойынша мемлекеттік сот орындаушысының әділет органының мөрімен расталған және прокурор санкциялаған қаулысы негізінде заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттарда өндіріп алынатын сома шегінде ақшаның бар-жоғы туралы мәліметтер бөлігінде ғана;

д-2) жеке сот орындаушыларына: өздерінің іс жүргізуіндегі атқарушылық іс жүргізу істері бойынша жеке сот орындаушысының жеке мөрімен расталған және прокурор санкциялаған қаулысы не жеке мөрмен расталған оның көшірмесі негізінде заңды тұлғаның және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесінің банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттарда өндіріп алынатын сома шегінде ақшаның бар-жоғы туралы мәліметтер бөлігінде ғана;"

7-тармақта:

ж) тармақшадағы "сот санкция берген" деген сөздер "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) тармақшадағы "сот санкция берген" деген сөздер "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-1-тармақта:

екінші бөліктегі "сот санкциялаған" деген сөздер "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "б), в) және г) тармақшаларында" деген сөздер "б), в), г), ж) және з) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 51-баптың 1-тармағының бірінші, үшінші және бесінші бөліктеріндегі "сот санкциялаған" деген сөздер "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат):

1) 20-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кепіл беруші жеке тұлғамен жасалған және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша кепіл ұстаушы

алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында осы Заңның 20-1-бабында белгіленген тәртіппен кепілге салынған мүлікті дербес өткізуге құқылы.";

2) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізуі

1. Кепіл беруші жылжымайтын мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүргізудің басталғаны туралы, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікке өндіріп алуды ықтимал қолдану туралы өзі хабардар етілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде кепіл ұстаушының алдында көрсетілген мүлікті дербес өткізу туралы өтінішхат беруге құқылы.

2. Кепіл ұстаушы кепіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізу туралы жазбаша өтінішхаты келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде кепіл берушіге және борышкерге, егер борышкер негізгі міндеттеме бойынша кепіл беруші болып табылмаса, кепіл берушінің өтінішхатын қанағаттандырудан бас тарту не қанағаттандыру туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Кепіл берушінің өтінішхаты қанағаттандырылған жағдайда кепіл ұстаушы мәжбүрлеп орындау шараларын тоқтата тұру және жылжымайтын мүлікті дербес өткізуден түсетін ақшаны кепіл ұстаушының банктік шотына есепке жатқызу қажеттігі туралы да хабарлайды.

3. Ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізу кепіл берушінің өтінішхатын қанағаттандыру туралы кепіл ұстаушының жазбаша хабарламасын кепіл шартында көрсетілген мекенжай бойынша хабарламасы бар тапсырысты хатты пошта арқылы кепіл ұстаушы табыс еткен немесе кепіл беруші және борышкер, егер борышкер негізгі міндеттеме бойынша кепіл беруші болып табылмаса, алған күннен бастап үш ай ішінде жүзеге асырылады.

Жылжымайтын мүлікті дербес өткізудің неғұрлым ұзақ мерзімі ипотекалық шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.

4. Кепіл беруші ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті осы баптың 3-тармағында көзделген мерзімде өткізбеген жағдайда, кепіл ұстаушы осы Заңның 20-бабында көрсетілген тәсілдермен мұндай мүлікті өткізуге құқылы.";

3) 25-бапта:

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сенім білдірілген тұлға жылжымайтын мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүргізудің басталғаны туралы хабарлама жасайды, оны ипотека тіркелген органда тіркейді және кепіл берушіге табыс етеді. Хабарламаны тікелей беру мүмкін болмаған кезде ол кепіл берушіге оның ипотекалық шартта көрсетілген мекенжайы бойынша тапсырысты хатпен жіберіледі;

2) кепіл беруші ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізу құқығын іске асырмаған немесе кепіл беруші ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті осы Заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде немесе ипотекалық шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленген мерзімде, бірақ осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес хабарлама кепіл берушіге табыс етілген немесе жөнелтілген кезден бастап күнтізбелік отыз күннен ерте емес мерзімде өткізбеген жағдайларда, сенім білдірілген тұлға кепілге салынған мүлікке сауда-саттық туралы хабарлама жасайды, оны ипотека тіркелген органда тіркейді, кепіл ұстаушыға және кепіл берушіге табыс етеді немесе кепіл берушінің кепіл шартында көрсетілген мекенжайы бойынша оларға тапсырысты хатпен жібереді, сондай-ақ осы Заңның 28-бабына сәйкес сауда-саттық туралы хабарландыруды ресми жариялайды;"

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Негізгі міндеттеменің орындалмағаны" деген сөздер "Жылжымайтын мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүргізудің басталғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 26-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Жылжымайтын мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүргізудің басталғаны туралы хабарламаның мазмұны";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүргізудің басталғаны туралы хабарламада мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:";

мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

"7-2) жеке тұлға болып табылатын кепіл берушінің хабарлама табыс етілген немесе тапсырысты хатпен алынған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде кепіл ұстаушының алдында жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес ипотекалық қарызы бойынша ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес өткізу туралы өтінішхат беру құқығы туралы шарт";

5) 33-1-бапта:

2) тармақшадағы "міндеттемелердің орындалмағаны" деген сөздер "жылжымайтын мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүргізудің басталғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "міндеттеменің орындалмауы" деген сөздер "жылжымайтын мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүргізудің басталғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 37-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Кепіл беруші ипотекалық шарт жасасу кезінде негізгі міндеттемені толық қамтамасыз еткен жылжымайтын мүлікті кепіл ұстаушымен келісілген бағадан төмен

емес бағамен осы Заңның 20-1-бабында белгіленген тәртіппен дербес өткізген жағдайда , ипотеканың тоқтатылуымен бір мезгілде негізгі міндеттеме тоқтатылады."

17. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат ; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 53-құжат):

1) 30-1-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті нотариаттық куәландыру көзделген келісулерді куәландырған кезде – 1 айлық есептік көрсеткіш;"

22-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1) атқарушылық жазба жасағаны үшін:

жеке тұлғалар үшін – өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының 0,2 пайызы, бірақ 0,5 айлық есептік көрсеткіштен кем емес және 50 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

заңды тұлғалар үшін – өндіріп алынатын соманың немесе талап етілетін өзге жылжымалы мүліктің нарықтық құнының 1 пайызы, бірақ 1 айлық есептік көрсеткіштен кем емес және 100 айлық есептік көрсеткіштен артық емес.

Осы Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көзделген талаптар бойынша атқарушылық жазба жасалған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы көрсетілетін қызметтерге ақы төлеудің төменгі шегі 0,5 айлық есептік көрсеткішті құрайды;"

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Өндіріп алушы нотариусқа атқарушылық жазба жасаған немесе тиісті қаулы шығарған кезде мемлекеттік баж ретінде және құқықтық және техникалық сипаттағы көрсетілетін қызметтер үшін төлеген шығыстар борышкердің есебіне жатқызылуға тиіс .";

2-тармақтың 6) тармақшасындағы "зейнеткерлер босатылады." деген сөздер " зейнеткерлер;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) осы Заңның 92-1-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген талап бойынша өндіріп алушылар босатылады.";

2) 58-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Сенімхаттарды және келісулерді куәландыру";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Нотариустар Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті нотариаттық куәландыруы көзделген келісулерді куәландырады.";

3) 85-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нотариус ақшаның түскені туралы кредиторға хабарлайды және оның талабы бойынша оған тиесілі ақшаны береді. Егер ақшаны депозитке салу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 291-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылған болса, нотариус кредиторға ақшаны оның тараптары арасындағы шартта белгіленген тәртіппен береді.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Нотариус депозитіндегі ақша нотариустың меншігі және (немесе) оның кірісі болып табылмайды.";

4) 86-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"86-бап. Депозитке ақша салған адамға оны қайтару

Депозитке ақша салған адамға оны қайтаруға:

1) пайдасына жарна жасалған адамның жазбаша келісімімен;

2) соттың шешімі бойынша;

3) егер ақшаны қайтару мүмкіндігі тараптардың келісімінде көзделсе, тараптардың бірі өз міндеттемелерін орындамаған кезде жол беріледі.";

5) 92-1-бапта:

1-тармақта:

"жазбаларды жасайды" деген сөздер "жазба жасайды немесе тиісті қаулы береді" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Атқарушылық жазба берешекті белгілейтін құжаттың көшірмесіне оның төлнұсқасы ұсынылған жағдайда жасалуы мүмкін, оған тиісті белгі қойылады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Атқарушылық жазба немесе тиісті қаулы негізінде мынадай даусыз талаптар бойынша берешекті өндіріп алу жүргізіледі:

1) нотариат куәландырған мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы;

2) орындау мерзімі басталған және міндеттеменің орындалмауын борышкер мойындаған, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген наразылыққа жауапта мойындаған, жазбаша мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы;

3) нотариус жасаған, төлем жасалмауына, акцептінің болмауына және акцепт күнінің белгіленбеуіне вексель наразылығына негізделген міндеттемені орындау туралы;

4) лизинг шартына немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лизинг нысанасын талап ету туралы;

5) ломбард кепіл беруші-борышкерге қойған, кредитті қайтару мерзімі өткен соң кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану туралы;

6) қосымша шығыстарды өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған міндетті шығыстарға қатысудан жалтаратын үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы;

7) төлеу мерзімі басталған, жария шарттар негізінде нақты тұтынылған көрсетілетін қызметтер (электрмен, газбен, жылумен, сумен жабдықтау және басқалары) үшін, сондай-ақ өзге де шарттар негізінде белгіленген тарифтерге сәйкес көрсетілетін қызметтер үшін берешекті өндіріп алу туралы;

8) жалдау төлемдерін жалдау шартында белгіленген мерзімдерде төленбеуіне байланысты өндіріп алу туралы;

9) жұмыскерге есепке жазылған, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Атқарушылық жазба негізінде тұрақсыздық айыптарын (өсімпұлдарды), пайыздарды өндіріп алу, егер бұлар тиесілі болса, жүргізілмейді.";

6) 92-3-бапта:

5) тармақшадағы ", оның ішінде, егер өсімпұлдар, пайыздар тиесілі болса, олардың" деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақшадағы "немесе борышкерден өндіріп алуға жататын" деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшадағы "бедері қамтылуға тиіс." деген сөздер "бедері;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) атқарушылық жазбаның күшін жою туралы өтінішті беру мерзімі мен тәртібі қамтылуға тиіс.";

7) 92-6-бапта:

тақырыптағы "көшірмелерін" деген сөз "немесе тиісті қаулының көшірмесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқарушылық жазба жасағаннан кейін немесе тиісті қаулы шығарғаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей борышкерге олардың көшірмесін табыс етеді немесе жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, борышкердің электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе белгілі тұрғылықты (тұрған) немесе тіркелген жері бойынша жібереді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Егер атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының көшірмесі борышкерге:

1) тараптар арасында жасалған шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

2) соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен жіберілген болса, оның ішінде кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі, көрсетілген мекенжай бойынша адаммен тұрып жатқан басқа адам алған болса;

3) жеткізілгенін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберілген болса, ол алынды деп есептеледі.

Хабарламаны қабылдаудан бас тартуға байланысты адресатқа, алушыға оны табыс ету мүмкін болмағаны туралы белгісімен хабарлама қайтарылған жағдайда, атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының көшірмесі тиісті түрде жіберілді деп есептеледі.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Борышкер атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының көшірмесін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде атқарушылық жазбаны жасаған немесе тиісті қаулыны шығарған нотариусқа хабарламасы бар мәлімделген талапқа қарсы қарсылығын жазбаша түрде жіберуге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Борышкердің қарсылығында мәлімделген талаппен келіспеу себептері қамтылуға тиіс.";

8) 92-8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"92-8-бап. Атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының күшін жою және оған дау айту

1. Нотариус мәлімделген талапқа қарсы қарсылықты алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының күшін жою туралы қаулы шығарады.

2. Атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының күшін жою туралы қаулы дау айтуға жатпайды.

Атқарушылық жазбаның немесе тиісті қаулының күшін жою туралы қаулының көшірмесі шығарылған күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Заңның 92-6-бабына сәйкес өндіріп алушыға, борышкерге табыс етілуге немесе жіберілуге тиіс.

Егер жасалған атқарушылық жазба немесе тиісті қаулы борышкердің қарсылығы бойынша нотариустың қаулысымен күшін жоймаса, оларға дау айту сот тәртібімен жүзеге асырылады."

18. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 117-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат):

1) 15-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

2) 23-баптың 4-тармағының екінші сөйлеміндегі "айлық жиырма мың", "бара-бар", "тәуелсіз сарапшы" деген сөздер тиісінше "жиырма мың айлық", "баламалы", "бағалаушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 34-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Елеулі зиян келтірілген кезде жауапкершілігі шектеулі серіктестік зиянды өтеу туралы талаппен қатар, кінәлі қатысушының үлесін серіктестіктің мәжбүрлеп сатып

алуы және оның серіктестікке қатысушылар қатарынан шығуы туралы мәселені қоюға құқылы.";

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "қатысушылардан", "жауап беретін тәуелсіз бағалаушы белгілеген нарық бағасы" деген сөздер тиісінше "қатысушыдан", "сай келетін бағалаушы айқындаған нарықтық құны" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3-тарау мынадай мазмұндағы 37-1-баппен толықтырылсын:

"37-1-бап. Серіктестікке қатысушының құқығы туындаған кез

1. Құрылтай шартына қол қойған құрылтайшылар серіктестік мемлекеттік тіркелгеннен кейін оған қатысушылар болады.

2. Серіктестік мүлкіндегі үлеске құқықты ол құрылғаннан кейін алған жағдайда, адам – құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілген және оған қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты серіктестік қайта тіркелген кезден бастап, ал қатысушыларының тізілімі жүргізілетін серіктестіктерде тізілімге тиісті өзгерістер енгізілген кезден бастап серіктестікке қатысушы болады.";

5) 40-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

"арасында серіктестіктің" деген сөздерден кейін "бір тоқсан, жарты жыл немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

"тиісті жылдағы", "кезекті жиналысының шешіміне сәйкес жүргізіледі" деген сөздер тиісінше "бір тоқсандағы, жарты жылдағы немесе бір жылдағы", "кезекті жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүргізілуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 43-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесін бекіту және оның таза табысын" деген сөздер "қаржылық есептемені бекіту және таза табысты" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 58-баптың 5-тармағындағы "жылдық" деген сөз алып тасталсын;

8) 59-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "жылдық" деген сөз алып тасталсын

19. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 14, 200-құжат; № 22, 308-құжат; № 24, 443-құжат; 2001 ж., № 13-14, 173, 176-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 14, 84-құжат; № 23, 142-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 13, 114-құжат; 2016 ж., № 8-I, 62-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат):

3-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келісуге құқылы."

20. "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; № 22-VII, 161-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат):

23-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктің он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) патенттен туындайтын құқықтарды қорғауға байланысты басқа да даулар сот тәртібімен қаралуға жатады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілген даулар, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, егер бұған "Төрелік туралы" және "Медиация туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаса, тараптардың келісімі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.";

2-тармақтағы "қарсылықтар" деген сөз "талап қою арыздары" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 115, 119-құжаттар; 2018 ж., № 11, 37-құжат):

33-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілген даулар, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 7) және 10) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, егер бұған "Төрелік туралы" және "

Медиация туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаса, тараптардың келісімі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.";

1-1-тармақтағы "уәкілетті органның шешімдеріне арыздар" деген сөздер "сараптама ұйымының шешімдеріне талап қою арыздары" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 19-ІІ, 102-құжат; № 20-VII, 115-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат):

1) 19-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінде:

бірінші сөйлемдегі "қарсылық беру" деген сөздер "сотқа талап қоюды беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "өтініш" деген сөз "талап қою арызы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 42-баптың 1-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілген даулар, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда, егер бұған "Төрелік туралы" және "Медиация туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаса, тараптардың келісімі бойынша төрелік немесе медиация тәртібімен қаралуы мүмкін.";

үшінші бөліктегі "Уәкілетті органның осы Заңның 41-бабының 2-тармағында көрсетілген шешімдеріне өтініштер" деген сөздер "Сараптама ұйымының осы Заңның

41-бабының 2-тармағында көрсетілген шешімдеріне талап қою арыздары" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 119-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат):

8-баптың 3-тармағында:

2) тармақшадағы "сақтай отырып, бірақ лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз (айрықша лицензия);" деген сөздер "сақтамай және лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз (айрықша лицензия) беру көзделуі мүмкін." деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша алып тасталсын.

24. "Кредиттік серіктестіктер туралы" 2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 5, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2016 ж., № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат):

21-баптың 5-тармағының 2-1) тармақшасындағы "әділет органдарына", "сот санкциялаған" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік", "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-

құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат):

43-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "әділет органдары", "сот санкциялаған" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік", "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 90-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 33-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; 2011 ж., № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат):

37-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "тәуелсіз" деген сөз алып тасталсын.

27. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 10, 35-құжат; 2007 ж., № 4, 34-құжат; 2010 ж., № 17-18, 109-құжат; 2011 ж., № 7, 54-құжат; 2014 ж., № 2, 13-құжат; № 23, 138-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

4-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына міндетті ғылыми лингвистикалық сараптаманы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйым жүргізеді."

28. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 14, 51-құжат):

8-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келіседі."

29. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат):

1) 22-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "қамтамасыз етуге берілген," деген сөздер "және (немесе) микрокредит беру туралы шартты қамтамасыз етуге берілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 53-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жылжымайтын мүлік объектісіне заңдық талаптарды алып тастау мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша мынадай жағдайларда:

1) егер заңдық талапты тіркеуге негіз болған мән-жайлар жоққа шығарылса;

2) мүдделі тұлғаның өтініші бойынша және заңдық талап қоюға бастама жасаған тұлғаның келісімімен жүзеге асырылады.

Егер заңдық талап мемлекеттік тіркелген кезден бастап үш жыл өткен соң алынып тасталмаса, онда заңдық талапты мемлекеттік тіркеудің күші жойылады.

Тіркеуші орган бұл жөнінде өтініш берушіні көрсетілген мерзім өткенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Мүдделі тұлғалар заңдық талапты тіркеуді ұзарту туралы өтінішпен осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткенге дейін жүгіне алады.

Көрсетілген мерзімнің өтуі жылжымайтын мүлікке заңдық талапты қайта тіркеу үшін өтініш жасауға кедергі келтірмейді."

30. "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 24, 126-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

24-баптың 3-тармағының 4) тармақшасындағы "сот санкция берген" деген сөздер "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; № 16, 56-құжат):

1) 26-бап "қамтамасыз етуге" деген сөздерден кейін ", борышкерді мәжбүрлеп әкелуді жүзеге асыруға" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 32-бапта:

2-тармақта:

1) тармақшадағы "оның ішінде банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы" деген сөздер "банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) борышкердің банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салу;"

6-тармақта:

"1)" деген цифр "1-1)" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"сот санкциясымен" деген сөздер "санкциямен" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шараларды санкциялауды прокурор жүзеге асырады.";

3) мынадай мазмұндағы 35-1-баппен толықтырылсын:

"35-1-бап. Күштеп әкелу

1. Осы Заңның 67-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген, сондай-ақ атқарушылық құжатты орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайларда шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген кезде борышкер сот санкциялаған сот орындаушысының уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі мүмкін.

2. Күштеп әкелуді сот орындаушысы ішкі істер органы қызметкерінің қатысуымен үш сағаттан аспайтын мерзімге және жұмыс күндері сағат тоғыздан он сегізге дейін ғана атқарушылық әрекеттер жасау орнына мәжбүрлеп апару арқылы жүзеге асырады.

3. Шақыру туралы тиісінше хабарланған борышкердің келмеуінің дәлелді себептері деп: борышкердің келуіне мүмкіндік бермейтін ауруы, жақын туыстарының қайтыс болуы, дүлей зілзала, борышкердің тағайындалған мерзімге келуіне мүмкіндік

бермейтін өзге де себептер танылады. Борышкер шақыру бойынша тағайындалған мерзімге келуіне кедергі келтіретін дәлелді себептердің болуы туралы өзін шақырған сот орындаушысын хабардар етуге міндетті.

4. Күштеп әкелу туралы қаулыны сот орындаушысы борышкерге оны орындаудың алдында хабарлайды, бұл оның қаулыға қол қоюымен куәландырылады.

Борышкер қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бұл жөнінде қаулыға белгі қойылады.

5. Кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, сондай-ақ дәрігердің куәландыруы тиісті денсаулық жағдайы бойынша өзінің жатқан орнынан кете алмайтын немесе кетпеуге тиіс науқастар күштеп әкелуге жатпайды.";

4) 55-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Борышкердің банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сақтандыру ұйымдарындағы ақшасына, сондай-ақ жалақысына және борышкердің кірістерінің өзге де түрлеріне өндіріп алуды қолдануды қоспағанда, борышкердің мүлкіне, оның ішінде ортақ мүліктегі үлесіне өндіріп алуды қолдануды сот орындаушысы прокурор санкциясымен жүзеге асырады.";

5) 58-бапта:

1-тармақтың екінші және үшінші бөліктері алып тасталсын;

2-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарға:

1) мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2) тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

3) тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға;

4) нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаға;

5) "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға;

6) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының банктік шоттардағы активтеріне;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге қатысты талаптар бойынша ақшаны алып қоюға қолданылмайды;

8) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара

қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарына өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

б) 62-бапта:

1-тармақта:

бірінші сөйлемдегі "соттың" деген сөз "прокурордың" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте сот орындаушысы атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету үшін өндіріліп алынатын сомаға мөлшерлес, борышкерге тиесілі бүкіл мүлікке бір мезгілде тыйым салуға құқылы.";

3-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарға:

1) мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2) тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

3) тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға;

4) нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаға;

5) "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға;

6) элеуметтік медициналық сақтандыру қорының банктік шоттардағы активтеріне;

7) уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ақшасына;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға тыйым салуға жол берілмейді.

Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге қатысты талаптар бойынша ақшаны алып қоюға қолданылмайды;

9) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарына тыйым салуға жол берілмейді.";

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот орындаушысының банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы прокурор санкциялаған қаулысында сол соманың шегінде тыйым салынатын ақша сомасы көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысы банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште немесе атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жіберілуі мүмкін.";

7) 68-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бағалаумен келіспеген атқарушылық іс жүргізу тарапы "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілген бағалау бойынша қорытынды алу үшін сарапшылық кеңеске өтініш жасауы не сот тәртібімен оған шағым жасауы мүмкін. Шағым сот орындаушысының әрекеттеріне шағым жасау үшін Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа беріледі. Сарапшылық кеңестің теріс қорытындысы не соттың бағалау туралы есепті жарамсыз деп тануы сот орындаушысының жаңа бағалауды тағайындауы үшін негіз болып табылады. Сарапшылық кеңес теріс қорытынды берген жағдайда, бағалау туралы есептің сараптамасы үшін тапсырыс беруші жүргізген төлемді бағалау туралы есепті жасаған бағалаушы немесе бағалаушы еңбек шартын жасасқан заңды тұлға өтейді.

4. Жаңа бағалау жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу шағым жасаушы тарапқа жүктеледі."

32. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 15, 47-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 16-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келіседі.";

2) 17-баптың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"22) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарт (бұдан әрі – жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт) жасасады;"

3) 18-баптың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"21) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жасасады
;"

4) 56-баптың 3-тармағындағы "(қайта бағалау)" деген сөздер алып тасталсын;

5) 6-тараудың бүкіл мәтіні бойынша "алып қоюға", "Алып қойылатын", "алып қоюдан", "алып қойылатын", "алып қою", "алып қойылғаннан", "алып қойған" деген сөздер тиісінше "иеліктен шығаруға", "Иеліктен шығарылатын", "иеліктен шығарудан", "иеліктен шығарылатын", "иеліктен шығару", "иеліктен шығарылғаннан", "иеліктен шығарған" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 61-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушысы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдағаннан кейін осы Заңның 69-бабына сәйкес келісім рәсімдеріне бастамашылық жасауға құқылы.";

7) мынадай мазмұндағы 62-1 және 62-2-баптармен толықтырылсын:

"62-1-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде тең бағамен өтеу шарттары

1. Осы бапқа қатысты тең бағамен өтеу деп алып қойылған кезге дейінгі жер учаскесін және онда орналасқан жылжымайтын мүлікті пайдаланудың қолда бар шарттарын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін, мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің және онда орналасқан жылжымайтын мүліктің (болған кезде) құнын өтеу мөлшерін белгілеу түсініледі.

2. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесі үшін меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға тең бағамен өтеу жүргізіледі.

3. Тең бағамен өтеу мынадай тәсілдердің бірімен жүргізіледі:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда өзге жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті беру;

2) осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын өтеу.

62-2-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты тең бағадағы жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті беру шарттары

1. Меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға тең бағадағы жер учаскесін беру келтірілген залалдар (болған кезде) өтеліп, иеліктен шығарылатын жер учаскесінің орналасқан жері, оның нысаналы мақсаты, алаңы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Бұл ретте тең бағадағы жер учаскесі жер учаскесін иеліктен шығару жүзеге асырылатын елді мекен шегінде берілуге тиіс. Елді мекен шегіндегі мұндай жер учаскесінің орналасқан жері осы Заңның 64-бабына сәйкес жіберілетін жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасында айқындалады.

2. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты тұрғын үйді бұзған кезде өзге жылжымайтын мүлікті беру "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға тең бағадағы жер учаскесін беру Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабында (1-тармағының 1),

2), 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын қоспағанда) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға тең бағадағы жер учаскесі берілген кезде жерге орналастыру жұмыстарына арналған шығыстар бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

4. Орнына берілетін мемлекет меншігіндегі жер учаскесінің бағасын бағалаушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке бағалау жүргізгеннен кейін оның нарықтық құны бойынша айқындайды.

5. Егер иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны орнына берілетін жер учаскесінің құнынан жоғары болса, онда олардың құнының айырмасы меншік иесіне өтеледі.";

8) 63-бапта:

1-тармақтағы "ерекше жағдайларда," , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген құзыретіне сәйкес" деген сөздер тиісінше "айрықша жағдайларда және тәртіппен", "Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ "үш жұмыс күні ішінде" деген сөздерден кейін ", атқарушы органдардың интернет-ресурстарын қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "алты айдан" деген сөздер "бір жылдан" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 64 және 65-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"64-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабардар ету тәртібі

1. Атқарушы орган немесе жоғары тұрған органның тапсырмасы бойынша төмен тұрған атқарушы орган осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны (бұдан әрі – жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама) пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарламаны міндетті түрде алатындай етіп, пошта арқылы жібереді. Табыс етілгені туралы хабарлама болмаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген құжаттар қайта жіберіледі.

2. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламада мыналар көрсетіледі:

1) осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулының қабылданғаны туралы (қаулының көшірмесін қоса бере отырып) ақпарат;

2) меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы туралы мәліметтер;

3) иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің орналасқан жері, алаңы, кадастрлық нөмірі;

4) нарықтық құны бойынша өтеу мөлшерін айқындау тәртібі туралы ақпарат;

5) тең бағамен өтеу тәсілдерінің бірін таңдау мүмкіндігі туралы ақпарат;

б) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартқа қол қою тәртібі туралы ақпарат, сондай-ақ шарт жасасудан бас тартылған кезде мәжбүрлеп иеліктен шығару мәселесін сот тәртібімен шешу туралы түсіндірме;

7) иеліктен шығарылатын жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін оларға бағалау жүргізуді ұйымдастыру үшін беру мерзімдері.

Қажет болған кезде көрсетілген хабарламада жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты өзге де мәліметтер қамтылуы мүмкін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы осы Заңның 69-бабының 1-тармағына сәйкес келісім рәсімдеріне бастамашылық жасай алады.

4. Меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға осы баптың 2-тармағында көрсетілген хабарламамен танысу үшін, сондай-ақ жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін беру үшін хабарлама алынған күннен бастап кемінде күнтізбелік он бес күн беріледі.

5. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама заңдық талап ретінде "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады.

65-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару

1. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыда белгіленген мерзімдер өткеннен кейін меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен, егер

Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, не сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Концессиялық жобаларды іске асыру мақсатында жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жергілікті атқарушы органдар концессия шартында көзделген шарттарда және мерзімдерде, бірақ концессия объектісін немесе концессия объектісінің аяқталмаған құрылысын мемлекеттік меншікке беруден кешіктірмей, концедент сатып алған жер учаскелерін оларға беру шартымен концессионердің қаражаты есебінен жүзеге асыруы мүмкін.

3. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт немесе соттың шешімі жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға негіз болып табылады.

Осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген, сотта дау айтылмаған немесе осы Заңның 63-бабының 4-тармағына сәйкес күші жойылмаған қаулы, сондай-ақ осы баптың 7, 8, 9 және 11-тармақтарында белгіленген тәртіпті бұзу жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүргізуге негіз бола алмайды.

4. Жер учаскесіне және өзге де жылжымайтын мүлікке жеке меншік құқығын және жер пайдалану құқығын тоқтату, сондай-ақ мемлекеттің құқығы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт немесе соттың шешімі және осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдаған органның өтініші негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда мемлекеттік тіркелуге жатады.

5. Жергілікті атқарушы орган иеліктен шығарылатын жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін алған күннен бастап бір ай ішінде оларға бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы иеліктен шығарылатын жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін бермеген жағдайда, жергілікті атқарушы орган оларды уәкілетті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан сұратуға құқылы.

6. Жергілікті атқарушы орган мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің құнын бағалау нәтижелері бойынша он жұмыс күні ішінде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын дайындайды және оны меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарламаны міндетті түрде алатындай етіп, пошта арқылы жібереді. Табыс етілгені туралы хабарлама болмаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген құжаттар қайта жіберіледі.

7. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартта мыналар көрсетіледі:

1) шарт тараптары, оның ішінде иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін тұлғалардың тізбесі;

2) иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары және олардың құрамы, оның ішінде құрылысы аяқталмаған құрылысжайлар;

3) жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке тоқтатылатын құқықтар;

4) иеліктен шығарылатын жер учаскесінің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 87-бабында және осы Заңның 67-бабында белгіленген тәртіппен айқындалатын бағасы;

5) мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты залалдар келтірілген жағдайда өтелуге жататын залалдардың, оның ішінде жылжымайтын мүлік құнының мөлшері;

6) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің бағасын (құнын) төлеу мерзімі және тәртібі;

7) иеліктен шығарылатын жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті беру мерзімі;

8) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға арналған мемлекет шығыстарын қаржыландыру тәртібі.

8. Иеліктен шығарылатынның орнына тең бағадағы жер учаскесі берілген жағдайда, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартта осы баптың 7-тармағында қамтылған талаптардан басқа мыналар көрсетіледі:

1) меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары;

2) иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құны;

3) иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің бағасы иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің бағасынан (құнынан) жоғары болған жағдайда, құнының айырмасы және осы айырманы төлеу тәртібі;

4) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт негізінде туындайтын, иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке құқықтар.

9. Жер пайдаланудағы жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайда, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартта, осы баптың 7-тармағының 4) және 6) тармақшаларын қоспағанда, осы баптың 7 және 8-тармақтарында жазылған мәліметтер көрсетіледі.

10. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын алған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш беру арқылы шарт жобасымен келісетінін (келіспейтінін) жазбаша түрде білдіреді.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасына ұсыныстар болған жағдайда, меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы осы Заңның 69-бабының 1-1 және 2-тармақтарына сәйкес келісім рәсімдеріне бастамашылық жасауы мүмкін.

11. Жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті өкілді органға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын меншік иесінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыдан шарт жобасымен келісетіні туралы жазбаша өтініш алған кезден бастап бір ай ішінде ұсынады.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын жергілікті өкілді органның тұрақты комиссиясы ол енгізілген кезден бастап екі апта мерзімнен кешіктірмей, меншік иесін және иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін тұлғаларды міндетті түрде шақыра отырып қарайды.

Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің меншік иесімен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушымен және мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін басқа да тұлғалармен келісімге қол жеткізілген кезде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартты атқарушы орган жергілікті өкілді органмен келісу бойынша бекітеді және оған меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы қол қояды.

12. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулымен келіспеген кезде және (немесе) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жасасудан бас тартқан кезде жергілікті атқарушы орган меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, бірақ осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыда айқындалған мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру мерзімінен (күнінен) кешіктірмей сотқа жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қоюмен жүгінуге құқылы.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қоюлар бойынша азаматтық істер істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде қаралады және шешіледі.

13. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қоюдан бас тартылған жағдайда, талап қоюды беру және осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдау салдарынан меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға келтірілген залалдар бюджет қаражатынан өтелуге жатады.

14. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті нақты беру мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы осы Заңда белгіленген тәртіппен жүргізілген тең бағамен өтеуді алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы мүлікке меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы құқықтарының тоқтатылуын және мемлекет құқықтарының туындауын мемлекеттік тіркеу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға өтемнің төленгенін растайтын құжат ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.";

10) 66-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімінің басталуы туралы хабарлама алған кезден бастап мемлекет мұқтажы үшін алып қойылатын мүліктің құны және өтеуге жататын залалдар мөлшері туралы келісімге қол жеткізілгенге дейін" деген сөздер "мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаны алған кезден бастап жер учаскесін иеліктен шығару туралы шарт жасасқанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 67-бапта:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Меншік иесі мемлекеттен сатып алған, мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны (залалдарды есепке алмағанда) нарықтық құн мөлшерінде айқындалады.

Мемлекет бөліп төлеумен сатқан жер учаскесі үшін (залалдарды есепке алмағанда) сома толық төленбеген кезде және оны мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарған жағдайда алып қойған кезде иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны мемлекетке төленбеген сома шегеріле отырып, нарықтық құн мөлшерінде айқындалады.

2. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің, сондай-ақ жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүліктің құны жер учаскесіне құқықтардың туындау негіздеріне қарамастан, олардың нарықтық құны мөлшерінде айқындалады.

3. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалаушы осы Заңның 208-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, бағалау жүргізу күніне айқындайды.";

6-тармақ алып тасталсын;

12) 68-бапта:

3-тармақтағы "алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу шарты" деген сөздер "иеліктен шығару туралы шарт" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу" деген сөздер "иеліктен шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 69-бапта:

1-тармақта:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік он бес күн ішінде жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш беру арқылы келісім рәсімдеріне бастамашылық жасауға құқылы.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы орган күнтізбелік он күн ішінде меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаға өтінішін қарауға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын алған кезден бастап

күнгізбелік жиырма күн ішінде жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш беру арқылы осы шарт жобасына ұсыныстар енгізе алады.";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті атқарушы орган меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасына иеліктен шығарылатын мүлік құрамы, иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін тұлғалар және өтелуге жататын залалдар мөлшері, өтем мазмұны жөніндегі ұсыныстарын бір ай ішінде қарауға міндетті. Қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы орган иеліктен шығарылатын мүлік құнына қосымша бағалау жүргізуді ұйымдастыруы мүмкін.

3. Жергілікті атқарушы орган мен меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы, сондай-ақ мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін басқа да тұлғалар арасында келісімге қол жеткізілген кезде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасы жергілікті өкілді органға келісуге жіберіледі.";

14) 134-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) заңнамалық актілердің жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптаманы қамтамасыз ету, заңнаманың тиімділігін талдауды (нормативтік құқықтық актілерді талдауды), Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдарын әзірлеуді, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу кезінде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз ету;

7-2) заңнамалық актілерді ағылшын тіліне аударуды және оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету;"

15) 203-баптың 4-тармағындағы ", сондай-ақ қайта бағалау жүргізу және оның дәйектілігі туралы" деген сөздер алып тасталсын;

16) 205-баптың 2-тармағындағы "төленген күнгі құнына қайта бағалау жүргізіледі" деген сөздер "төлеу күнгі құнына бағалау жүргізілуге тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 206-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "төленген күнгі құнға қайта бағалау жүргізілуі мүмкін" деген сөздер " төлеу күнгі құнына бағалау жүргізілуге тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 208-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының атқарушы органға жіберілетін талабы бойынша мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің өтем төлеу күнгі құнына бағалау жүргізілуге тиіс."

33. "Микроқаржы ұйымдары туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 120-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат):

21-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы "әділет органдарына", "сот санкция берген" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік", "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 50-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар):

57-бапта:

4-тармақтың 3) тармақшасындағы "сот санкция берген" деген сөздер "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Жеке зейнетақы шотының және онда ақшаның болуы туралы анықтамалар салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда" деген сөздер "Салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда жеке зейнетақы шотының бар-жоғы туралы, ондағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтамалар" деген сөздермен ауыстырылсын.

35. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 152-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат):

9-баптың 2-тармағының 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу

(алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда, кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобаларының, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларының тұжырымдамаларына міндетті сараптаманы жүзеге асырады;"

36. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 49-құжаттар):

1) 1-қосымшаның 82 және 83-жолдары алып тасталсын;

2) 2-қосымшаның 362 және 363-жолдары алып тасталсын.

37. "Қоғамдық кеңестер туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 21-I, 120-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 9, 27-құжат):

5-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;"

38. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-І, 46-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53, 55-құжаттар; № 19, 62-құжат):

1) 1-баптың 35) тармақшасы алып тасталсын;

2) 18-бапта:

1-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері өкілдерінің қатысуы міндетті.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органдар нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдамаларын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті ұйым жүргізген іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалануға құқылы.";

3) 19-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген сараптама қорытындысын алу жөніндегі талап орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына қолданылмайды.";

4) 20-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды көздейтін нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда, орталық мемлекеттік органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актінің жобасын "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылатын қоғамдық кеңестерге жібереді.";

5) 31-баптың 1-тармағының бірінші сөйлеміндегі "ғылыми мекемелер мен" деген сөздер "ғылыми мекемелер, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйым және тиісті бейіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 33-бапта:

1-тармақ "бойынша" деген сөзден кейін "қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ғылыми лингвистикалық сараптаманы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйым жүргізеді.";

7) 34-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар тиісті кодекстерде белгіленген ерекше тәртіптермен енгізілуі және қабылдануы мүмкін;"

8) 50-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдар құқықтық мониторинг жүргізген кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйым жүргізген заңнаманың тиімділігіне талдау (нормативтік құқықтық актілерге талдау) нәтижелерін пайдалануы мүмкін.";

9) 53-баптың 2-тармағындағы "мемлекеттік кәсіпорын" деген сөздер "уәкілетті ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын.

39. "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-II, 54-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 2-баптың 10) тармақшасындағы "шарттар" деген сөз "қатынастар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 2) тармақшасындағы "ғана" деген сөз алып тасталсын;

3) 8-бапта:

4-тармақ "шарт бойынша" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ коммерциялық ұйым мен дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға арасындағы қарыз шарты бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың екінші бөлігінің екінші сөйлеміндегі "келісу" деген сөз "кері қайтарып алынбайтын келісім беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Заңның 8-бабының 10-тармағында көзделген жағдайда төрелік келісім тиісті сала уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның келісімін қамтуға тиіс.

Төрелік келісімнің басқа шарттары тараптардың келісімімен айқындалуы мүмкін.";

5) 10-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген талап қоюдың берілгеніне қарамастан, сот төрелік талқылау нысанасы оның соттылығына жататыны туралы мәселені

қарағанша, төрелік талқылау басталуы немесе жалғастырылуы және төрелік шешім шығарылуы мүмкін.";

б) 12-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы "және тұрақты жұмыс істейтін төреліктерде істер сақталуының" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасының төрелік туралы заңнамасының жекелеген мәселелері және оны қолдану практикасы жөнінде ұсынымдық сипатқа ие сараптама қорытындыларын ұсыну;"

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тұрақты жұмыс істейтін атқарушы басқару органы – төраға басқаратын басқарма";

3) тармақша алып тасталсын;

7) 13-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "не қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айып тағылған адам" деген сөздер алып тасталсын;

8) 14-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі "арқылы" деген сөзден кейін "не тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац "Тараптардың келісімі болмаған жағдайда" деген сөздерден кейін " және регламентте өзгеше белгіленбесе" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер регламентте немесе тараптардың келісімінде өзгеше мерзім белгіленбесе, тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде дауды жеке-дара қарайтын төрешіні таңдау туралы уағдаласпаған жағдайларда, дау тараптарының бірінің өтініші бойынша күнтізбелік отыз күн ішінде төрешілерді (төрешіні) Төрелік палатаның немесе тұрақты жұмыс істейтін төреліктің тізіліміндегі адамдардың арасынан тағайындауы мүмкін.";

9) 15-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төрешілер тізілімі – тұрақты жұмыс істейтін төреліктердің төрешілері, сондай-ақ Төрелік палатаның мүшелері болып табылатын төрешілер туралы мәліметтерді қамтитын дерекқор.";

10) 16-баптың 2-тармағының екінші сөйлемі алып тасталсын;

11) 20-баптың 4-тармағының бірінші сөйлеміндегі "Төрелік" деген сөз "Егер регламентте немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, төрелік" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 21-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Тұрақты жұмыс істейтін төреліктің регламентінде, сондай-ақ осы Заңның ережелерінде айқындалмаған және тараптармен келісілмеген төрелік талқылау қағидаларын төрелік айқындайды.";

13) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Төрелік талқылаудың орны

Тараптар төрелік талқылаудың орнын өз қалауы бойынша айқындай алады. Мұндай уағдаластық болмаған кезде төрелік талқылаудың орнын тараптар үшін қолайлылық факторын қоса алғанда, істің мән-жайларын ескере отырып төрелік құрамы айқындайды.";

14) 23-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Төрелік талқылау барысында тарап өзінің талап қою талаптарын өзгертуге немесе толықтыруға құқылы.";

15) 24-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төрелік талқылау барысында тарап талап қоюға қарсы өзінің қарсылықтарын өзгертуге және (немесе) толықтыруға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жауапкердің пікір ұсынбауы дауды қарауға кедергі бола алмайды.";

16) 25-бап алып тасталсын;

17) 26-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер тараптардың келісімінде немесе регламентте өзгеше көзделмесе, төрелік талап қою арызын қабылдап, күнтізбелік он күн ішінде төрелік регламентіне немесе тараптар келіскен қағидаларға сәйкес төрелік талқылауды қозғау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға оның қаралатын орны туралы хабарлайды, жауапкерге талап қою арызына жазбаша пікір беруді ұсынады.";

3-тармақтағы "төреші" деген сөз "төрелік" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, төрелік дәлелдемелер ұсыну үшін немесе ауызша жарыссөздер үшін істі ауызша тыңдауды өткізу-өткізбеу не талқылауды құжаттар мен басқа да материалдар негізінде ғана жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды. Егер тараптар ауызша тыңдауды өткізуге уағдаласпаса, төрелік мұндай тыңдауды тараптардың кез келгенінің өтінуі бойынша талқылаудың тиісті сатысында өткізуге тиіс.";

18) 30-баптың 1) тармақшасындағы "адресаттың", "оның жеке өзіне жеткізілсе" деген сөздер тиісінше "адресатқа", "жеткізілсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 41-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі "мөлшерін", "төреліктің құрамы айқындайды" деген сөздер тиісінше "мөлшері", "айқындалады" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "белгіленген", "кезде төрелік" деген сөздер тиісінше "тіркелген", "кезде төрелік құрамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 44-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғалары арасындағы дау қаралған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.";

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздер "осы жағдайда қолдануға болады деп өзі есептеген коллизиялық нормаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "осы мәмілеге", "әдет-ғұрыптарына" деген сөздер тиісінше "осы қатынастарға", "дағдыларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Даулы қатынастар заңнамада немесе тараптардың келісімінде тікелей реттелмеген және оларға қолданылатын дағдылар болмаған жағдайларда, мұндай қатынастарға, бұл олардың мәніне қайшы келмейтіндіктен, ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары қолданылады, ал мұндай нормалар болмаған кезде дау азаматтық заңнаманың жалпы бастаулары мен мағынасы негізге алына отырып шешіледі.";

21) 45-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер регламентте өзгеше көзделмесе, шешім төрелік отырысында жарияланады.";

22) 52-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) төрелік құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмегендігі, егер тек мұндай келісім тараптар бас тарта алмайтын осы Заңның кез келген ережесіне қайшы келмесе, немесе мұндай келісім болмаған кезде осы Заңға сәйкес келмегендігі;"

5) тармақшадағы "төреліктің ұйғарымы болған;" деген сөздер "төреліктің ұйғарымы болғаны туралы дәлелдемелерді ұсынуға тиіс." деген сөздермен ауыстырылып, б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхатты, атқару парағын беруден бас тартуды қараған кезде сот төреліктің шешімін мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес.";

23) 53-баптың 2-тармағында орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

24) 57-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында:

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының заңдары" деген сөздер "шешім шығарылған елдің заңы" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзац алып тасталсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"төрелік құрамы немесе төреліктің талқылау рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмегеніне немесе мұндай болмаған кезде төрелік талқылау өткізілген елдің заңдарына сәйкес келмегеніне;"

40. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 12, 86-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 53-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат):

1) 27-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі "зейнетақыларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны)" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың үшінші бөлігінің б) тармақшасындағы "ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді." деген сөздер "ақшаға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) төлем талаптары негізінде банктік қарыздар бойынша клиенттердің алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шоттарындағы ақшасына өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.";

2) 29-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы "зейнетақыларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны)" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ "зейнетақыларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 32-баптың 6-тармағында:

екінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен аз болмауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көрсетілген шектеу жеке тұлғаның жинақ шотындағы ақшасына қолданылмайды.";

4) 46-баптың 7-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабы алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шотқа қойылған жағдайларда;"

5) 54-баптың 1-тармағындағы "жеке тұлғаның, заңды тұлғаның банктік шоттарының, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның ағымдағы шоттарының бар екендігі және нөмірлері туралы ақпаратты

талап етіп алдыру және борышкердің банктегі ақшасына тыйым салу туралы сот санкция берген" деген сөздер "банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) 58-баптың 5-тармағындағы "жеке тұлғаның және заңды тұлғаның банктік шоттарының, сондай-ақ заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның ағымдағы шоттарының бар екендігі және нөмірлері жөніндегі ақпаратты талап етіп алдыру туралы сот орындаушысының қаулыларын бұзғаны не орындамағаны үшін төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушылар" деген сөздер "сот орындаушысының банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы қаулыларын бұзғаны не орындамағаны үшін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

41. "Коллекторлық қызмет туралы" 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 9, 20-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 14, 44-құжат):

11-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "әділет органдарына", "сот санкциялаған" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік", "прокурор санкциялаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

42. "Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 13, 46-құжат; № 21, 102-құжат):

14-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) заңда белгіленген жағдайларда сот орындаушыларының қаулыларын санкциялайды;".

2-бап.

1. Осы Заңның 1-бабы 15-тармағы 1) тармақшасының нормасы бұрын жасалған шарттардан ол қолданысқа енгізілген күннен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес және жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген ипотекалық қарыз шарты бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күні өткеннен кейін есепке жазылған және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін төленген сыйақы қайта есептеуге жатпайды.

2. Осы Заңның 1-бабы 15-тармағы 3) тармақшасының нормасы осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір ай өткеннен кейін жасалған банктік қарыз шарттарынан туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

3-бап. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 1) тармақшасын, 10-тармағының 7) тармақшасын, 15-тармағының 4) және 5) тармақшаларын, 24, 25 және 30-тармақтарын, 31-тармағының 2) тармақшасының тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 4) тармақшасын, 6) тармақшасының үшінші, жиырмамыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтарын, 33-тармағын, 34-тармағының үшінші абзацын, 40-тармағының 5) және 6) тармақшаларын, 41 және 42-тармақтарын;

2) 2018 жылғы 16 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 12-тармағын;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап сегіз ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 15-тармағы 2) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын

және 40-тармағы 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК